

Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша бейінді оқытуды енгізе отырып, саралау, кіріктіру және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленді. Осы айқындалған бағыт бойынша міндетті оқу пәндері қатарына «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі», «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндері еніп отыр. Жаратылыстану-математикалық бағытындағы бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлері оқыту бейінінің ерекшелігін ескеріп, оқу пәндерінің мазмұнын анықтауға негіз болды. Жаратылыстану-математикалық бағытта тереңдетілген деңгейде оқытылатыны оқу пәндеріне «Биология», «Химия», «Физика», «География» пәндері енсе, стандарттық деңгейдегі оқу пәндері қатарына «Дүние жүзі тарихы» пәндері енді.

Сыныптар бойынша соңғы үш жылдағы сабақ үлгерімі.

Оқужылы	Білімберу сатылары	Оқушы саны	Білім сапасы	Үлгерімі
2022-2023	Бастауыш	55	56,3%	100
	Негізгі мектеп	70	54,2%	100
	Орта мектеп	19	63,1%	100
	Барлығы	144	57,8%	100
2023-2024	Бастауыш	46	62,9%	100
	Негізгі мектеп	77	53,1%	100
	Орта мектеп	17	52,8%	100
	Барлығы	140	56,2%	100
2024-2025	Бастауыш	44	59%	100
	Негізгі мектеп	74	52,6%	100
	Орта мектеп	23	63,3%	100
	Барлығы	141	54,9%	100

Мектептің 2022-2023, 2023-2024 және ағымдағы оқу жылында тоқсан сайын білім сапасы мониторингісі жасалынып, талдау-сараптау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесі педагогикалық кеңестерде талқыланып, іске асырылып отыр.